



«www.kaspi.kz» интернет-ресурсында банктік қызмет көрсету шарты

Осы «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында банктік қызмет көрсету шарты бұдан әрі «Банк» деп аталатын «Kaspi Bank» АҚ, Шартта көзделген тәртіппен және талаптарда Шартқа қосылған Банктің Клиенті арасында Клиентке «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында банктік қызмет көрсету талаптарын айқындау мақсатында жасалады.

1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Шарттың, осы Шарттың аясында жасалатын келісімдердің мақсаты үшін пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар мыналарды білдіреді:

- 1) **Автотөлемақы** – Клиент пен Банктің арасында жасалған шарттардың аясында көрсетілетін Банктің қызметі;
- 2) **Акцепт** – Клиенттің әрекеттері, оларды жасалуын Клиенттің Шарт жасасуға ниеті растайды, соның ішінде «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының сайты ашқан кезде сұратылатын ақпаратты енгізу, сондай-ақ Банкпен банк қарызы және/немесе банктік қызмет шарттарын, соның ішінде баспада жарияланған банктік қызмет көрсету шарттарының үлгі ережелеріне немесе Банктің сайтында жарияланған қосылу шарттарына сәйкес жасалған шарттар бойынша әрекеттері. Кейбір қызмет түрлеріне қатысты Шартта оны жасасудың өзге тәртібі көзделуі мүмкін;
- 3) **Бірдейлендіру** – Шоттар бойынша Операциялар жүргізу үшін Клиенттің «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында арқылы қашықтан хабарласуының заңдылығын растау;
- 4) **Анықтау** – «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында алынған Бірреттік кодты (ДСЖК) енгізу арқылы электрондық банк қызметін алу (соның ішінде «kaspi.kz шотын» ашу) мақсатында Телефон нөмірін растауға бағытталған Клиенттің іс-әрекеттерінің кешені;
- 5) **Шот бойынша үзінді көшірме** – Банк анықтайтын кезеңде (Банк кезеңді өз қалауы бойынша анықтайды) Шотта көрсетілген Операциялар туралы ақпаратты Клиенттің назарына жеткізу мақсатында Банктің әзірлейтін және Клиентке жолдайтын ақпараттық үзінді көшірмесі;
- 6) **Ұстаушы** – Картаны Шарттың талаптарына сәйкес пайдалану құқығы бар жеке тұлға;
- 7) **Шарт** – қосылу шарты нысанында жасалатын, Банктің www.kaspi.kz мекенжайындағы интернет-ресурсында жарияланған осы «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында банктік қызмет көрсету шарты және Банктің сайтында орналастырылған Банктің уәкілетті органы бекіткен Электрондық банктік қызмет көрсету ережелері (бұдан әрі – Ереже);
- 8) **Қолжетімді қалдық** – Клиент пен Банктің арасында жасалған шартқа сәйкес несие лимитінің қолжетімді қалдығын, сондай-ақ АТТК-дегі ақша сомасын қоса алғанда, Банктегі Клиенттің жинақ және ағымдағы банктік шоттарындағы ақша сомасы;
- 9) **Сәйкестендіру** – «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Клиенттің телефон нөмірінің сәйкестігін анықтау. Сәйкестендіру Логин бойынша жүргізіледі. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына енгізілген Логин Клиентке берілген Логинге сәйкес келген жағдайда, Клиент сәйкестендірілген болып саналады;
- 10) **«www.kaspi.kz» интернет-ресурсы** – Клиентке оны Анықтау/Тіркеу фактісі бойынша банктік операцияларды қашықтан жүргізуге, сондай-ақ www.kaspi.kz мекенжайында орналастырылған электрондық банктік қызмет көрсету ережелеріне сәйкес шарттар мен клиенттің Шоттары туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін интернет желісіндегі ақпараттық ресурс, электрондық банктік қызмет көрсету компоненті;
- 11) **Байланыс арналары** – Интернет киоскіні қосқанда, электрондық пошта (email), пошталық байланыс, «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы, мобильді банкинг, SMS-хабарлар, телефондар, факс, банкомат, төлем терминалдары, POS-терминалдар, электрондық терминалдар, Мобильді қосымша арқылы Банк анықтайтын тәртіппен және талаптарда пайдаланылатын Клиент пен Банктің арасында ақпаратты беру құралдары;

- 12) **Карта** – Клиентке төлемдер жасауға, қолма-қол ақша алуға, валюта айырбастауға және Банк анықтаған және оның талаптарында басқа да операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпараты бар, банкоматтар, электрондық терминалдар немесе басқа да құрылғылар арқылы Клиенттің Шоттағы ақшасына қол жеткізу құралы болып табылатын және Банк шығарған, Шартта көрсетілген ХТЖ-ның бірінің төлем карточкасы.
- 13) **Клиент** – Акцепт жасау арқылы Шартқа қосылған жеке тұлға;
- 14) **Логин** – «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы пайдаланушының цифрда көрсетілген есептік жазбасының аты. Клиенттің телефон нөмірі Клиенттің «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы логині болып табылады;
- 15) **Мобильді қосымша** –мобильді телефон немесе Мобильді қосымшаны қолдайтын және интернетке қолжетімділігі бар өзге құрылғы арқылы Клиенттің Жеке кабинетке кіруіне және операциялар жасауына арналған бағдарламалық қамсыздандыру.
- 16) **ХТЖ** - MasterCard WorldWide халықаралық төлем жүйесінің/ Visa International / American Express Card / JCB / Diners Club / China UnionPay / PPS PayPal және басқа халықаралық төлем жүйесінің бірі – төлем карточкалары технологиясын пайдалану негізінде белгілі бір ережелер мен талаптармен бір-бірімен біріктірілген және өзара қарым-қатынас орнататын есептесуге қатысушылар мен олардың есептесу агенттерінің жүйесі. ХТЖ жұмыс істеу ережелерін белгілейді және өзінің қатысушыларына ақпараттық қолдау көрсетеді.
- 17) **Телефон нөмірі** – Клиенттің «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Банкке берген, Клиенттің SMS-сұратуларды жіберу және SMS-хабарларды алуы үшін Клиенттің пайдаланатын мобильді телефон нөмірі;
- 18) **Бір реттік код (ДСЖК)** – Клиенттің сұратуы бойынша бағдарламалық-техникалық құралдармен құрылатын, Банк Клиенттің Телефон нөміріне SMS-хабардың құрамында жіберетін және бір рет пайдалануға арналған электрондық цифрлық символдардың бірегей бірізділігі, оны енгізу Клиенттің шынайылығын растайды және «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Төлемдер/Операциялар жасау үшін Клиентке осы Шарт бойынша электрондық банктік қызметтерге қолжетімділік беруге негіз болады. Осы Шарт бойынша қызметтерге қолжетімділік Клиентке ол «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Төлемдер/Операциялар жасауға арналған әрекеттерді орындағаннан кейін және тек ДСЖК-ні енгізген жағдайда ғана беріледі. Қызметке бір қолжетімділік аясында бір ДСЖК-мен бірнеше Төлем/Операция жасау расталуы мүмкін. ДСЖК сондай-ақ Анықтау, Клиентті қосымша Тіркеу үшін пайдаланылады;
- 19) **Операция** – банктік шоттарда көрсетілуі тиіс кез келген операция (транзакция), соның ішінде қарыз Операцияларын қосқанда, шығыс Операциялары (несие лимитінің есебінен шығыс Операциялары), Картаны (тауар ақысын төлеу және қолма-қол ақша алу) немесе Клиенттердің өзге төлем карточкаларын пайдаланып, Шоттарға қолма-қол жасалатын немесе қолма-қол жасалмайтын тәсілмен ақша салу; Қайтарылатын төлемдер; Берешекті өтеу үшін Банктің ақшаны есептен шығаруы; Өтінішке, банк қарызы шартына сәйкес есептелген төлемдерді, комиссиялар мен Сыйақыны Шоттардан есептен шығару; Клиенттің әртүрлі шоттарының арасында және үшінші тұлғалардың пайдасына, соның ішінде Банк эмитенті болып табылмайтын төлем карточкаларын пайдаланып, аударым жасау; Клиенттің банктік шоттарында көрсетілуі тиіс басқа да операциялар;
- 20) **Төлем карточкасы** – электрондық төлем жасау құралы, соның ішінде ұстаушысына электрондық терминалдар немесе басқа байланыс арналары арқылы Операциялар жасауға мүмкіндік беретін ақпарат жазылған Карта;
- 21) **Құпиясөз** – Клиентке Логин беруге байланысты және Клиентті «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Бірдейлендіру үшін пайдаланылатын алфавиттік-цифрлық символдардың тізбегі;
- 22) **Төлем** – Операциялардың (соның ішінде Клиенттің әртүрлі шоттары арасында) және Клиенттің нұсқауын/тапсырмасын орындау мен ақшалай міндеттеме бойынша төлемді аяқтау үшін қажетті өзге де әрекеттердің (соның ішінде Клиенттің атына және Клиенттің ақшасының есебінен АТТК, Электрондық ақша сатып алу) жиынтығы;
- 23) **АТТК** – Клиенттің ССК-де/ «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы арқылы/Терминалдар арқылы Операциялар жасауына арналған алдын ала төленген төлем карточкасы;

- 24) **Тіркелу** – Клиенттің Құпиясөз алуға және алынған Құпиясөзді «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында енгізуге және «kaspi.kz шотын» ашуға бағытталған әрекеттер кешені, соның ішінде Бірдейлендіру/Анықтау;
- 25) **Мерзімді төлемдер сервисі** – «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында мерзімді төлемдерді жасауды автоматтандыруға арналған сервис. Операциялар Мерзімді төлемдер сервисінде белгіленген шоблондардың негізінде жасалады. Клиент Visa, MasterCard ХТЖ-ның, клиентпен жасалған шартқа сай басқа халықаралық төлем жүйесінің Картасы арқылы бірінші Операцияны жасаған күннен бастап және «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында белгіленген әрекеттерді жасаған кезде Мерзімді төлемдер сервисін пайдаланады.
- 26) **Шот** – Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы банк және/немесе жинақ шоты;
- 27) **Банктің тарифтері** – Банктің уәкілетті органы бекіткен, Банктің қызмет ақысын төлеу күні қолданыста болатын, оның қызметіне байланысты Банктің қызметі үшін төлемдер мен комиссиялардың мөлшерлемелері, Банктің «www.kaspi.kz» сайтында орналастырылған;
- 28) **Электрондық банктік қызметтер** – Клиенттің төлем қызметі мен ақпараттық банктік қызметтерді алуы үшін қашықтан қол жеткізу жүйесі арқылы өзінің банктік шотына қолжетімділігіне байланысты қызметтер;
- 29) **Электрондық ақша** – электрондық нысанда сақталатын және электрондық ақша жүйесінде жүйеге басқа да қатысушылар төлем құралы ретінде қабылдайтын электрондық ақша эмитентінің шартсыз және кері қайтарып алынбайтын ақшалай міндеттемелері;
- 30) **Операциялық күн** – төлем қызметтерін, нұсқауларды орындауды тоқтату туралы немесе осындай нұсқауларды кері қайтару туралы өкімдерді қабылдау және өңдеу жүзеге асырылатын уақыт кезеңі.

2. Шарттың мәні

2.1. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында банктік қызмет көрсету аясында Банк мынадай қызметтер көрсетеді (оған қоса, бірақ шектелмей):

- 1) Банкте ашылған Клиенттің Шоттары арасында ақша аудару туралы Клиенттің өкімдерін орындау, соның ішінде несиені өтеу мақсатында Шоттарды толықтыру (теңгеде/АҚШ долларында/еврода/Ресей рублінде), «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында белгіленген шектеулерді ескергенде, Банкте ашылған Шоттардың арасындағы ақша аударымы (теңгеде/АҚШ долларында/еврода/Ресей рублінде);
- 2) Карта, Клиенттің VISA, MasterCard ХТЖ-ның, Клиентпен жасалған шартқа сай басқа ХТЖ-ның өзге төлем карточкалары, АТТК және Электрондық ақша арқылы төлемдер мен аударымдар жөніндегі өкімдерін орындау;
- 3) Банкпен жасалған шарттар жөнінде ақпарат беру, соның ішінде несие шарттарының жай-күйін қарау мүмкіндігін, несие картасы шарты бойынша кезең үшін (6 айдан көп емес) үзінді көшірмелер, несиелер бойынша өтеу кестесін (ақша, тауар), депозиттік шарттар бойынша кезең үшін үзінді көшірмелер (12 айдан көп емес); Операциялар жүргізілген Карталар жөніндегі үзінді көшірмелер (6 айдан көп емес) беру, қашықтан байланысу арналарымен электрондық түрде төлем карталарының деректемелері туралы ақпаратты беру (соның ішінде қайта шығарған кезде);
- 4) төлем карточкаларымен, сондай-ақ Электрондық ақшамен қызмет ақысын (мобильді байланыс, коммуналдық төлемдер, теледидар және т.б.) төлеу мүмкіндігімен қамтамасыз ету;
- 5) қызмет/жұмыстар/тауарлар (ұялы байланыс, коммуналдық төлемдер, теледидар және т.б.) үшін жеткізушілерге Клиенттің АТТК-ден және банктік шоттарынан, соның ішінде Клиенттің төлем карточкаларын пайдалану арқылы ақша аудару;
- 6) Автотөлемақыны (және Банктің көрсететін басқа да қызметтерін) қосу және шарттарын өзгерту;
- 7) Банкпен жасалған банк қарызы шарты бойынша төлемдерді басқару мүмкіндігімен қамтамасыз ету;
- 8) несие карточкасына берілген қарыз бойынша несиелеу талаптарын өзгерту (Несие төлемін басқару)
- 9) ШМЖС (шотқа мониторинг жүргізу сервисі) қызметін көрсету;

- 10) жинақ шоттарымен оқиғалар жөнінде (депозит жөнінде) E-Mail және SMS хабарламаларына қосылу.
- 11) АТТК сатып алу;
- 12) мерзімді төлемдер сервисі;
- 13) қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескеріп және ондағы тәртіппен Шоттарды ашу;
- 14) Электрондық ақшаны шығару және өтеу;
- 15) және электрондық төлемдік және ақпараттық-банктік қызметтерге қатысты басқа қызметтер.

2.2. Шартта көзделген Төлем қызметтері «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына қашықтан қол жеткізу жүйесі арқылы, соның ішінде Мобильді қосымшаны пайдалану арқылы бір реттік тәртіппен көрсетіледі. Шарт әрбір төлем қызметіне қатысты Шартта көзделген тәртіппен Банкке оны көрсетуге келісім берген сәтте жасалады және Тараптар тиісті қызметке қатысты міндеттемелерін толық орындаған сәтке дейін қолданылады.

3. Қызмет көрсету тәртібі

3.1. Электрондық банктік қызмет көрсету, соның ішінде «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында банктік қызмет көрсету және соның ішінде Мобильді қосымшаны пайдаланып, оларға қолжетімділік алу Интернет желісі арқылы және өзге де байланыс арналары арқылы жүзеге асырылады.

3.2. Заңнамада және/немесе шартта көзделген нұсқау өзге мерзімдерде орындалуға тиіс болатын жағдайларды қоспағанда, Банк «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында төлемдер және ақша аударымы бойынша Клиенттің нұсқауын нұсқауды алған күннен кейінгі Операциялық күннен кешіктірмей орындайды. Банк нұсқау түскен Операциялық күннен кешіктірмей оны орындаудан бас тартады.

3.3. Төлемді және ақша аударымын растайтын құжаттар «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының пошта жүйесіндегі Клиенттің электрондық пошта мекенжайына және/немесе Картаның Ұстаушысы (Клиент) көрсеткен телефон нөміріне қысқа мәтіндік және/немесе мультимедиялық хабарлар жіберу арқылы және/немесе Жеке кабинетте немесе тікелей «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында немесе Мобильді қосымшада көрсету арқылы электрондық тәсілмен қызмет көрсетілгеннен кейін Клиентке жолданады.

3.4. Банк Клиенттің талап етуімен оған Картаны (соның ішінде АТТК) пайдалану арқылы жасалған Операциялар және/немесе Төлемдер туралы ақпаратты қамтитын үзінді көшірмені беруге міндетті.

3.5. Клиенттің Шотын ашу, сондай-ақ Картаны шығару тәртібі, егер Банк мұндай Қызметті көрсетсе, Ережеде айқындалады.

3.6. Электрондық ақшаны шығару, өтеу және онымен операциялар жасау тәртібі «Kaspi Bank» АҚ электрондық ақша жүйесінің ережелерінде және Электрондық ақша шығару туралы шартта (Банктің сайтында орналастырылады).

3.7. Клиент Акцепт жасау арқылы Шартқа қосылады.

3.8. Шартқа қосылған Клиент және Банк Шартта белгіленген барлық талаптар мен міндеттемелерді қабылдайды.

3.9. Клиент Шарт бойынша қызмет алу үшін төмендегі барлық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді:

- 1) Клиенттің «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында қызмет алу үшін техникалық құралы бар;
- 2) Клиент Банкке Шарт бойынша қызмет көрсетуге қажетті ақпаратты берді;
- 3) Клиент Тіркеу/Бірдейлендіру/Анықтау әрекеттерін және Шартта және Ережелерде көзделген, қызмет көрсетуге қажетті басқа да әрекеттерді жасады;
- 4) Мобильді қосымшаны пайдалану үшін – Мобильді қосымшаны пайдалануға мүмкіндік беретін операциялық жүйесі және Интернетке қолжетімділігі бар мобильді телефон немесе өзге құрылғы бар.

3.10. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында қызметке қолжетімділік беру мынадай тәсілдермен жүргізіледі:

3.10.1. Клиент Анықтау рәсімінен өтті (электрондық банктік қызмет алу мақсатында ДСЖК алды);

3.10.2. Клиент Тіркеу рәсімінен өтті (электрондық банктік қызмет алу мақсатында Құпиясөз алды).

3.10.3. Мобильді қосымша арқылы қызмет көрсету үшін – APP Store, Google Play-ден Мобильді қосымшаны жүктеу, Мобильді қосымшаны орнату.

3.11. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Тіркелу немесе Анықтау, сондай-ақ Шартта, соның ішінде Ережеде көзделген тәртіппен және жағдайларда Банкке нақты Қызмет көрсетуге нұсқау және келісім беру Клиентке «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы арқылы қызмет көрсетуге негіз болып табылады.

3.12. Клиент «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Құпиясөз бойынша немесе Клиенттің Банктің атынан Телефон нөміріне алған ДСЖК енгізу арқылы бірдейлендіріледі.

3.13. Клиент пен Банктің арасындағы өзара қарым-қатынастарда пайдаланылатын, Клиент «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында сәтті авторландырған электрондық түрдегі құжаттар қағаз тасымалдаушыдағы тиісті құжаттарға (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қағаз тасымалдаушыларда берілуі тиіс құжаттар мен шарттарды қоспағанда) тең мәнді деп танылады және Тараптардың осы Шарт бойынша соларға ұқсас құқықтары мен міндеттерін тудырады.

3.14. Тіркелу рәсімінен өткен Клиенттер, «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының сұратуы бойынша бір немесе бірнеше параметрлерді («www.kaspi.kz» интернет-ресурсымен анықталады), атап айтқанда а) Құпиясөз; б) төлем карточкасының нөмірін; в) несие шартының нөмірін; г) банктік қызмет көрсету шартының нөмірін (банктік шот, банктік салым, сервис-пакет және өзге шарттар); д) Клиенттің телефон нөмірін көрсетеді.

3.15. Клиент «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында тіркелген кезде «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының пошта жүйесінде де тіркеледі. Клиентті «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының пошта жүйесінде тіркеген кезде Клиентке Жеке кабинет арқылы қол жеткізуге болатын электрондық поштаның мекенжайы беріледі, мекенжай «@» символымен бөлінген екі бөліктен тұрады. Мекенжайдың сол жақ бөлігі Клиент тіркелген телефон нөмірінен тұрады да, мекенжайдың оң жақ бөлігі «kaspi.kz» домен атауы болады. Электрондық поштаның бұл мекенжайы тек «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы жүйесінің оған хабарламалар жіберуі үшін пайдаланылады және ол Клиенттің басқа пошта жүйелерінде пайдалануы үшін арналмаған, атап айтқанда, Клиент бұл мекенжайға электрондық хабарламалар жібере алмайды немесе басқа жүйелердің хабарламаларын осы мекенжайда қабылдай алмайды.

3.16. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының пошталық жүйесі арқылы Клиентке жіберілген хабарламалар – Клиенттің жүргізілген Нұсқаулары туралы ақпарат, Клиентке арналған Банктің арнайы ұсыныстары, Шарттың талаптарына сай жіберілетін хабарламалар мен өзге ақпарат.

3.17. Клиенттің телефон нөмірі «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы Клиенттің Логині болып табылады.

3.18. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Анықтау мынадай талаптардың біреуі немесе бірнешеуі болған кезде жүзеге асырылады:

1) төлемдер мен аударымдар бойынша тапсырманы орындау үшін Банк үшінші тұлғалардан алған Банктегі мобильді телефон нөмірінің болуы;

2) Клиенттің Телефон нөмірін «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы сайтында көрсетуі; соның ішінде жүйенің сұратуымен, сондай-ақ Мобильді қосымша арқылы.

3.19. Құпиясөзді қалпына келтіру рәсімі «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында анықталатын әрекеттерге сай жасалады (әрекеттердің реттілігін Банк қалауы бойынша анықтайды және «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Клиенттің назарына жеткізіледі).

3.20. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына тіркеле отырып, Клиент Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғау әрекеттерінің элементтерін қолданып, Тіркелу барысында «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында көрсеткен өзінің дербес деректерін, соның ішінде биометриялық деректерін жинауға және өңдеуге, сондай-ақ осы Шарттың талаптарын орындау мақсатында Банктің Клиенттің Мобильді қосымшада орналастырылған суретін (фотосуретін) пайдалануға өз келісімін береді.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Банктің:

1) егер Клиент Шартта көзделген тәртіппен Сәйкестендірілмесе және Бірдейлендірілмесе, қызмет көрсетуге қажетті Шарттың талаптарын орындамаса, Шартта, ХТЖ, төлем карточкаларының эмитент банктері белгілеген лимиттер, шектеулер, тыйымдар (соның ішінде бір реттік операцияның мөлшері, операция сомасы, белгілі бір кезеңдегі операциялар саны, операция валютасы және т.б. бойынша) бұзылған кезде, карточканың эмитент банкінен Операция жасаудан бас тарту алғанда немесе жауап алмаған кезде, сондай-ақ Банкте сұратылған қызмет көрсету үшін техникалық мүмкіндік болмаған кезде немесе Қолжетімді қалдықтың (Шоттардағы ақшаның) сомасы Операцияларды/Төлемді жүргізуге және Тарифтерде көзделген комиссияларды есептен шығаруға жеткіліксіз болған жағдайда, аударым валютасы банктік шоттың немесе төлем карточкасының валютасына сәйкес келмегенде, Операцияларды/Төлемді жүргізуден бас тартуға;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Клиенттің шоттары бойынша Операцияларды/Төлемдерді жүргізуді тоқтата тұруға;

3) төлем деректемелерін көрсеткен кезде Клиенттің жіберген қатесі анықталған жағдайда, Клиент Банкке қажетті құжаттарды/деректемелерді бермегенде немесе толық жиынтығын бермегенде, сондай-ақ Операция/Төлем Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және Шарттың талаптарына қайшы келген жағдайда, Клиенттің тапсырмасын орындамауға;

4) Клиент Шарттың талаптарын және www.kaspi.kz сайтында анықталған электрондық банктік қызмет көрсету ережелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ Шартта көзделген өзге жағдайларда, «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті тосқауылдауға;

5) Клиенттен құжаттарды және валюталық бақылауды жүзеге асыруға және заңнаманың және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының өзге талаптарын орындауға қажет басқа да ақпаратты сұратуға;

6) «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы Операциялар/Төлемдер бойынша шектеулерді біржақты тәртіппен белгілеуге және өзгертуге құқығы бар.

4.2. Клиенттің:

1) «www.kaspi.kz» интернет-ресурсын пайдаланып, Шоттар бойынша есептер мен үзінді көшірмелер алуға;

2) Шоттардағы ақша қалдығы шектерінде Шоттар бойынша Операциялар/Төлемдер жүргізуге;

3) заңнамада, ХТЖ, Ережелер мен Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, «Visa», «MasterCard» халықаралық төлем жүйесінің төлем карточкалары, клиентпен жасалған шартқа сай басқа халықаралық төлем жүйесінің карточкалары және АТТК арқылы Операция/Төлем жүргізуге;

4) Шартқа және/немесе Банктің тарифтеріне Банктің енгізетін өзгерістерімен және/немесе толықтыруларымен келіспеген жағдайда, Шартты бұзуға;

5) кез келген сәтте Шартты бұзғысы келетіні туралы Банкке Шартты бұзатын болжамды күнге дейін 30 (отыз) жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлауға құқығы бар.

4.3. Банк:

1) осы Шартқа өзгерістер енгізу туралы аталған өзгерістер қолданысқа енгізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 күн бұрын хабарламаны Интернет желісіндегі Банктің www.kaspi.kz мекенжайындағы WEB-бетінде орналастыра отырып, Клиентке хабарлауға;

2) өзге тұлғалардың Клиенттің Шоттары мен олар бойынша жүргізілген Операциялар/Төлемдер туралы ақпаратқа заңсыз қол жеткізуінің алдын алу үшін шаралар қолдануға;

3) «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында ресімделген Клиенттің өкімдері мен тапсырмаларын орындауға;

4) Клиенттердің өтініштерін қабылдауға;

5) электрондық банктік қызмет көрсетілген кезде Клиенттен алынған ақпаратты жария етпеуге міндеттенеді.

4.4. Клиент:

1) Күпиясөз, Логин туралы ақпаратты және «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында қызметті алу үшін берілетін өзге де ақпаратты басқа тұлғаларға бермеуге (күпия ақпараттың жария етілмеуін қамтамасыз етуге);

- 2) «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында қолжетімділіктің Шартта көзделген құралдары жоғалған жағдайда, Банкке бұл туралы тез арада Клиентке қолжетімді байланыс құралдары арқылы хабарлауға; Банктің қолжетімділік құралдарының жоғалғаны туралы хабарламаны алғанына дейін Клиент үшінші тұлғалардың барлық жағдайда жасаған Шоттар бойынша барлық Операциясына/Төлемдеріне жауап береді;
- 3) Банк көрсеткен мерзімдердің ішінде Банкке Операциялар/Төлемдер жасау үшін немесе жүргізілген Операциялар/Төлемдер бойынша заңнамаға (соның ішінде валюталық бақылау туралы, заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы) және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес талап етілетін қажетті құжаттар мен ақпаратты;
- 4) ҚР заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және Шартқа сәйкес Банктегі Шоттарда сақтаулы ақшаға билік етуге;
- 5) Банкке Банктің тарифтеріне сай комиссиялық сыйақы төлеуге;
- 6) «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында қызметті алған кезде техникалық жарамды жабдықты пайдалануға;
- 7) Клиент ұстаушысы болып табылмайтын төлем карточкаларын пайдаланып, Операциялар/Төлемдер жасамауға;
- 8) Мынадай:
 - тіркеу куәлігін, хабарлау туралы куәлікті, келісімшарттың есептік нөмірін (ҚР резиденттері үшін) алуды талап ететін;
 - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты;
 - террористік және экстремистік қызметті қаржыландыруға және терроризмге немесе экстремизмге басқа да көмек көрсетуге байланысты;
 - қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) байланысты немесе жасалуы заңнаманың өзге талаптарын бұзуға әкеп соқтыратын Операцияларды/Төлемдерді жүргізбеуге міндеттенеді.

5. Тараптардың жауапкершілігі

- 5.1. Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сай жауапкершілік атқарады.
- 5.2. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерінің кез келгенін бұзған жағдайда, тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлеу және шығындар мен шығыстарды өтеу Шарт бойынша тиісті міндеттемелерді тиісті түрде орындау міндетінен босатпайды.
- 5.3. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың алдында байланыс жүйелерінің немесе жабдықтың кез келген бүлінуінен немесе істен шығуынан туындаған қандай да бір тікелей немесе жанама залал немесе шығын үшін немесе табиғи катаклизмадан, апаттардан, қоғамдық тәртіпсіздіктерден немесе Тараптардың еркінен тыс басқа себептерден туындаған қызмет көрсетудегі үзілістер үшін жауапкершілік атқармайды. Егер осындай жағдайлардың кез келгені Шартта белгіленген мерзімде міндеттемелерді орындауға тікелей әсер етсе, онда бұл мерзім тиісті жағдайдың әрекет ету уақытына ұзартылады. Қазақстан Республикасының уәкілетті органының форс-мажор жағдайларының туындауын растайтын жазбаша куәлігі форс-мажордың дәлелдемесі болады.
- 5.4. Шарттың талаптары бұзылған жағдайда, Банктің мынадай шаралардың бірін қолдануға:
 - 1) қызмет көрсетуді шектеуі мүмкін екенін ескертуге;
 - 2) қызмет көрсетуді шектеуге және (немесе) тоқтата тұруға;
 - 3) «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына кіруге тосқауыл қоюға;
 - 4) Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар.
- 5.5. Банк электр энергиясының ажыратылуының, байланыс желілерінің зақымдалуының, сондай-ақ Клиенттің анық, толық немесе нақты нұсқауларын бермеуінің салдарынан туындайтын қатенің, дұрыс түсіндірмеудің және т.с.с., үшінші тұлғалардың төлемдерді орындамауының немесе орындауды кешіктіруінің нәтижесінде, Клиенттің Шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзуының нәтижесінде және Банкке байланысты емес басқа да себептермен туындаған төлемдерді орындамағаны немесе орындауды кешіктіргені үшін жауапкершілік атқармайды.

Банк Банкке байланысты емес себептерден туындаған және Клиенттің Банктің хабарламаларын және Клиенттің Шотынан үзінді көшірмелерді уақтылы алмауына немесе алмауына әкеліп соқтырған интернеттің, поштаның, байланыс желілерінің жұмысындағы жаңылысулар үшін жауапкершілік атқармайды. Банктің Шарттың талаптарын орындамауына әкеліп соқтырған техникалық жаңылысулар (электрмен қоректендірудің және байланыс желілерінің ажыратылуы/зақымдалуы, Банктің деректер базасын бағдарламалық қамсыздандырудағы жаңылысулар, төлем жүйелеріндегі техникалық жаңылысулар) болған жағдайда, Банк мүліктік жауапкершіліктен босатылады.

5.6. Құжаттарды ресімдеген кезде Клиенттің жіберген қателері үшін және «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында қызметті пайдаланған кезде телефон нөмірлерін, деректемелерін қате көрсеткені үшін Банк жауапкершілік атқармайды.

5.7. Байланыс арналарын пайдаланған уақытта оларды тыңдаудың немесе жол-жөнекей ұстаудың, Клиенттің құпия ақпаратты жария етуінің, соның ішінде оны пайдалану арқылы қызметке қолжетімділік алатын мобильді телефонды, планшетті немесе өзге жабдықты, бағдарламалық қамсыздандыруды Клиенттің жоғалтуына немесе үшінші тұлғаларға беруіне байланысты, Клиентті Бірдейлестіру және Анықтау, сондай-ақ «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында, соның ішінде Мобильді қосымша арқылы қызметті алған кезде жарамсыз жабдықты, вирусты бағдарламалық қамсыздандыруы бар жабдықты пайдаланудың нәтижесінде Шоттар, Құпиясөз, Логин, ДСЖК немесе Клиенттің жүргізген Операциялары/Төлемдері туралы ақпарат өзге тұлғаларға белгілі болған жағдайда, Банк жауапкершілік атқармайды.

5.8. Құпиясөзді, Логинді, ДЖСК-ні, Клиент қызметтерге қол жеткізу үшін пайдалатын жабдықты, бағдарламалық қамсыздандыруды жоғалтқан жағдайда, Банктің Клиенттен «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына қолжетімділікті жоғалтқаны туралы жазбаша хабарламаны алған (соның ішінде факс арқылы) сәтіне дейін және/немесе Клиенттің Құпиясөзге тосқауыл қойған сәтіне дейін Банк Шоттан/төлем карточкасынан Құпиясөзді және/немесе ДЖСК-ні пайдаланып жасалған Операциялардың/Төлемдердің сомасы мөлшеріндегі ақшаны есептен шығарады.

5.9. Клиент оны Сәйкестендірудің және Бірдейлендірудің Шартта көзделген құралдарын пайдалану арқылы «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында, соның ішінде Мобильді қосымша арқылы жүргізілетін барлық операциялар үшін жауапкершілік атқарады.

6. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсын пайдалануға қойылатын шектеулер

6.1. Мына жағдайларда:

6.1.1. Қызметті өшіру туралы Клиенттің өтініші болғанда; қызметті өшіру туралы Клиенттің жазбаша өтінішін алғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні өткенде «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында қызмет көрсету тоқтатылады;

6.1.2. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында техникалық жұмыстар жүргізілгенде (Банк мұндай жұмыстар кезеңін бұл туралы хабарламаны сайтқа орналастыру арқылы жұмыстар тоқтатылғанға дейін 15 минут бұрын хабарлайды);

6.1.3. Оларға сәйкес қызмет көрсету тоқтатылатын немесе тоқтатыла тұратын Клиентпен жасалған шарттардың талаптары өзгергенде;

6.1.4. Қызмет көрсету тоқтатылғанға дейін күнтізбелік 1 күн бұрын Клиент онымен жасалған Шарттан біржақты тәртіппен бас тарту туралы хабарлағанда, «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында қызмет көрсету тоқтатыла тұрады немесе тоқтатылады.

6.2. Банк біржақты тәртіппен осы Шартта көзделген кез келген қызметті (соның ішінде Автотөлемақы қызметін) көрсетуден бас тартуға/көрсетуді тоқтатуға/тоқтата тұруға не болмаса Шарттан бас тартуға құқылы, бұл ретте Банк бұл туралы www.kaspi.kz мекенжайындағы интернет желідегі Банктің WEB-бетіне орналастырады (соның ішінде мерзім өткен соң Банк қызмет көрсетуден бас тартатын/көрсетуді тоқтататын/тоқтата тұратын немесе Шарт бұзылды деп саналатын мерзімді көрсетеді).

6.3. Электрондық ақшаны пайдаланып жасалған операциялар «Kaspi Bank» АҚ электрондық ақша жүйесінің ережелерінде және Электрондық ақша шығару туралы шартта белгіленген шектеулер ескеріліп жүзеге асырылады.

7. Қауіпсіздік рәсімдері

7.1. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында банктік қызмет көрсеткен кезде қолданылатын қауіпсіздік рәсімдерін Банк бекітеді және «www.kaspi.kz» сайтында орналастырылады.

7.2. Банк құпиясын құрайтын ақпаратқа заңсыз қол жеткізілгені, оның заңсыз өзгертілгені, Банк «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында қызмет көрсеткен кезде туындайтын заңсыз төлемнің немесе ақша аударымының және өзге де заңсыз әрекеттердің жасалғаны анықталған кезде, Банк бұл туралы оған қатысты осындай әрекеттерге жол берілген Клиентке нұсқауды алған күннен кейінгі бір Операциялық күннен кешіктірмей хабарлайды.

8. Шарттың қолданылу мерзімі

8.1. Шартта көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Шарт мерзімсіз қолданылады және ҚР заңнамасында және Шартта көзделген тәртіппен кез келген Тарап оны бұзуы мүмкін.

8.2. Клиент «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында банктік қызмет көрсетуден бас тартқан жағдайда, қызметті өшіру қызметті өшіру туралы жазбаша өтініштің негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте Тараптардың барлық қаржылық және өзге де міндеттемелері толық көлемде орындалуы тиіс.

9. Дауларды шешу

9.1. Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер Тараптар келіссөздер арқылы өзара келісімге қол жеткізе алмаса, онда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

9.2. Шиеленісті жағдайлар туындаған кезде Тараптар мынадай әрекеттерді жасайды:

1) Клиент мекенжайын, телефон нөмірін, шағымының мазмұнын және өзге де ақпаратты көрсете отырып, https://kaspi.kz/guide/ask/form/to_fill/ сілтемесі бойынша өтіп, жазбаша түрде хабарлама жолдайды немесе Банктің Call Center-іне 8-727-258-59-55 (Алматы үшін) және 8-800-080-18-00 (бүкіл Қазақстан үшін) телефондары арқылы телефон соғады;

2) Банк Клиенттің өтінімін азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы ҚР заңнамасында белгіленген мерзімдердің ішінде қарастырады.

3) Банк Клиентке жауабын Банкке жолданған хабарламада көрсетілген мекенжайға ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен жазбаша түрде жібереді.

10. Қорытынды ережелер

10.1. Шартта тікелей көзделген жағдайлардан басқа Тараптардың Шарт бойынша бір-біріне жолдайтын барлық хабарламалары және (немесе) хабарлары жазбаша түрде жасалып, оларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса және тапсырысты хатпен немесе курьерлік қызмет арқылы жіберілсе немесе Шартта көрсетілген Тараптардың мекенжайлары бойынша жеке қолға берілсе (олардың алынғаны туралы белгісімен), олардың күші болады және жеткізілген болып саналады.

10.2. Шартта реттелмеген барлық басқа өзара қарым-қатынастар Тараптар арасындағы жекелеген шарттар және (немесе) қосымша келісімдер арқылы анықталады.

10.3. Шарттың талаптары қосымша келісім ретінде Банк пен Клиенттің арасында бұрын жасалған шарттармен реттелетін Банк пен Клиенттің арасындағы қарым-қатынастарға қолданылады.

10.4. Шартты жасасу тәртібіне Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген жария офертаның ережелері қолданылады.

10.5. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Шарттың мәтіндерінде алшақтықтар туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтін басым деп санауға келісті.
